

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

**Білім сапасын қамтамасыздандыру
бойынша тәуелсіз агенттігі
(БСҚА-ІҚАА)**

**«Bolashaq» академиясы
жеке меншік мекемесі**

**6B01701-«ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТІК
СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ӨЛШЕМДЕРІНЕ СӘЙКЕС КЕЛУІНЕ ӨЗІНДІК
БАҒАЛАУ НӘТИЖЕСІНІҢ ЕСЕБІ**



BOLASHAQ
ACADEMY Est. 1996

Қарағанды, 2019

БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ
БОЙЫНША ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ




«BOLASHAQ» АКАДЕМИЯСЫ
ЖЕКЕ МЕНШІК МЕКЕМЕСІ
6B01701-ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ



6B01701 - «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ» БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТІК
СТАНДАРТТАРЫНЫҢ ӨЛШЕМДЕРІНЕ СӘЙКЕС КЕЛУІНЕ ӨЗІНДІК
БАҒАЛАУ НӘТИЖЕСІНІҢ ЕСЕБІ

Берілетін дәреже:
6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім
беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
бағдарламаны ендіру мерзімі:
2019 жыл
бағдарламаны жүзеге асыру орны:
«Bolashaq» академиясы,
Қарағанды қаласы, Ерубаев көшесі, 16/6
кәсіби/ғылыми бағдары:
Жоғары кәсіби білім
оқыту түрі:
күндізгі, сырттай қысқартылған,
ҚОТ қолданылатын күндізгі бөлім
есепті беру мерзімі:
«13» желтоқсан 2019 ж.

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ІІІ 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 3</p>
--	--	--

ӨТІНІШ

Өзіндік бағалау бойынша осы есепте ұсынылған мәліметтер «Bolashaq» академиясының 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы қызметінің нәтижелерін шынайы және объективті түрде көрсетеді.

Ректор, филос.ф.к.



К.Н. Менлибаев

Бірінші проректор




Г.М. Рысмагамбетова

ОӘЖ бойынша проректор



У.Т. Киреева

ҒЖХБ проректор



Т.П. Смолькина

ӘТЖ проректор



Б.Т. Ахметова

Кадр басқармасының бастығы



С.Н. Куанышева

Бас есепші



Т.Ю. Абишева

Кафедра меңгерушісі




К.З. Сембиев

ОӘБ басшысы



С.Б. Бекжанова

ҚББТ орталығының басшысы




М.Б. Аубакирова

Тіркеу бөлімінің басшысы



Б.Б. Бекбашева

СҚО басшысы



С.Т. Туганбаева

Кітапхана меңгерушісі




А.А. Шведова








IT – орталығының басшысы




А.А. Шлюпиков

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 4</p>
--	--	---


6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттеу бойынша өзіндік бағалау есебін дайындаған жұмыс тобының құрамы:

№ р/с	Стандарттың атауы	Жұмыс тобының құрамы	Қолы
1.	Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты	Р.Х. Абдрахманов, п.ғ.м., доцент	
2.	Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	Р.Н. Исмайлова, п.ғ.м., аға оқытушы	
3.	Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	Е.М. Ермагамбетов, п.ғ.м., аға оқытушы	
4.	Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	А.М. Бабашов, ф.ғ.к., доцент	
5.	Профессорлық-оқытушылық құрам және оқыту тиімділігі	К.З. Сембиев, ф.ғ.к., профессор	
6.	Материалды-техникалық база және ақпараттық ресурстар	А.М. Ермекбай, п.ғ.м., аға оқытушы	
7.	Жұртшылықты ақпараттандыру	М. Хамзин, ф.ғ.д., профессор	

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 5</p>
--	--	---


6B01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының профілі

1	ЖОО атауы	«Bolashaq» академиясы жекеменшік мекемесі
2	ЖОО заңды мекенжайы	100012, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ., Ерубаев к-сі, 16/6, Телефон: 8 (7212) 42-04-25 Факс: 8 (7212) 42-04-21
3	Ректордың аты-жөні, тегі	Менлибаев Куралбай Несипбекович, философия ғылымдарының кандидаты, профессор
4	Меншік формасы, құрылтайшы	Жекеменшік мекеме
5	Білім беру бағдарламасының атауы	6B01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті»
6	Бітірген кезде берілетін дәреже	6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиет» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры
7	Бағдарлама бойынша бакалаврларды даярлаудың басталуы	6B01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша бакалавриаттарды даярлау 2003 жылдан басталды.
8	Мемлекеттік лицензия нөмірі	Лицензия №KZ62LAA00016157 23.05.2019 ж. Бағыты: 6B017 Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау
9	Оқыту тілі	Қазақ
10	Бағдарламаның мақсатты тобы	ЖББОМ түлектері; колледж түлектері; жоғары білімнен кейінгі түлектер
11	Өзіндік бағалау бойынша есеп құрастырған кездегі студенттер саны	123
12	Бағдарлама бойынша қызмет ететін оқытушылар саны	10
13	Оқыту формасы, оқыту ұзақтығы	- күндізгі 4 жыл/3 жыл - сырттай қысқартылған 3 жыл / 2 жыл - ҚОТ қолданылатын күндізгі бөлім
14	Бітірушілердің кәсіби қызметінің саласы	- Білім беру (педагогикалық): Жалпы білім беретін орта мектептерде, гимназияларда, лицейлерде, техникалық және кәсіби ұйымдарда, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында; - Ғылыми-зерттеушілік: Ғылыми-зерттеушілік мекемелеріндегі ғылыми қызметкер; - Әдеби-шығармашылық: әдеби, мәдени мекемелерде, баспаларда қызмет ету; - Ұйымдастырушылық-басқару: орта мектептерді, гимназияларды, лицейді, колледжді, өз мамандығы бойынша мекемелерді басқару; - Өндірістік басқару: мемлекеттік органдарда, өндірістік және өнеркәсіптік объектілерінде іс жүргізу, - Редакторлық
15	Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі	Сембиев Курмангазы Закирович, филология ғылымдарының кандидаты, профессор.
16	Есепті ұсыну мерзімі	

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ІІП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 6</p>
--	--	--

МАЗМҰНЫ

Бөлім атауы	Бет
Кіріспе	7
Стандарт 1 Білім беру бағдарламаларының мақсаттары мен сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясаты	7
Стандарт 2 Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	16
Стандарт 3 Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	31
Стандарт 4 Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	46
Стандарт 5 Профессорлық-оқытушылық құрам және оқыту тиімділігі	52
Стандарт 6 Материалды-техникалық база және ақпараттық ресурстар	62
Стандарт 7 Жұртшылықты ақпараттандыру	75
Қорытынды	78

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 7</p>
--	--	---

КІРІСПЕ

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы 2003 жылы күндізгі (4,3 жыл) және сырттай қашықтықтан (3,2 жыл) оқыту базасы негізінде құрылып, 030740 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша бакалавриаттарды даярлауды бастады <http://kubolashak.kz/kafedry/qazaq-tili-men-adebieti-kafedrasy/>. 6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша 6B017-Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді даярлау бағытында лицензия алынды (№KZ62LAA00016157 23.05.2019ж.).


Кафедра миссиясы: Қазақ тілі мен әдебиетін дамыту үшін кәсіби білікті, әлеуметтік жауапкершілігі жоғары маман дайындау. Талапкерлерді «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылдау және білім беру үдерісі олардың өз қаражаттары есебінен және грант негізінде жүзеге асырылады. Бітірушілер «Қазақ тілі мен әдебиеті білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі және де заманауи талапқа сай қазақ тілінде білім беретін мекемелердегі «Қазақ тілі мен әдебиеті» мұғалімі, ғылыми-зерттеу мекемелерінде кіші ғылыми қызметкер, әдеби, мәдени мекемелер және баспа орындары қызметкері, мемлекеттік органдарда, түрлі кәсіпорын, өндіріс орындарының іс қағаздары мен құжаттау бөлімдерінде іс-қағаздарын жүргізуші, әдеби кеңесші, аудармашы қызметтерін атқара алады.

Оқу бағдарламасына «Қазақ халқының рухани мұрасы», «Әдеби шығармашылық», «Латын графикасына негізделген қазақ жазуы», «Қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті және стилистикасы», «Қазақ мектептерінде тіл мен әдебиетті оқытудың инновациялық тәсілдері», «Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың коммуникативті-танымдық әдісі», «Мәтінмен жұмыс» пәндерін енгізу арқылы жоғары білікті, бәсекеге қабілетті маман даярлауға мүмкіндік береді. Білім бағдарламасы бойынша білім алушылар академияның материалдық-техникалық базасын тиісінше пайдалануға мүмкіндік алған. Оқу аудиториялары ББ байланысты мультимедиялық құралдармен жабдықталған. Студенттердің ғылыми әлеуетін қалыптастыру мақсатында жыл сайын студенттер мен жас ғалымдардың республикалық конференциясы ұйымдастырылып тұрады.

СТАНДАРТ 1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН САПАНЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

1.1 Жалпы ереже

1.1.1 Білім беру бағдарламасының мақсаттары мен міндеттері «Bolashaq» академиясы «Миссиясына» сәйкеседі және бағдарлама ерекшелігін, студенттер тобының сипатын әрі олар алатын білім нәтижесін анықтайды. Яғни орта мектептер, бастауыш және мамандандырылған мектептер, орта техникалық және кәсіби білім беру ұйымдары үшін 6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті»

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 8</p>
--	--	---

білім беру бағдарламасы бойынша кәсіби білім беретін педагогикалық мамандарды даярлауға бағытталған.


1.1.2 Білім беру бағдарламасының стратегиялық менеджменті бағдарламаны жүзеге асыру үдерістерін толығымен қамтиды және бағдарламаның ұзақ уақыт бойғы жетістігі мен тұрақтылығына қол жеткізуіне бағытталған. Мәселен, білім беру бағдарламасы қоғам мен еңбек нарығы сұраныстарына орай қайта қаралып тұрады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін практика базалары, жұмыспен қамтамасыз ететін аймақтық ұйымдармен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары және түлектердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

1.1.3 Кафедра тарапынан білім беру бағдарламасын жетілдіруге және сапасын арттыруға, білім алушылар мен жұмыс берушілердің талап-тілектеріне назар аударуға айрықша көңіл бөлінеді. Бұл тұрғыда қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы білім бағдарламасын тәжірибелі, білікті, ғылыми дәрежелері бар кадрлармен жасақталған. Студенттердің ПОҚ ұсынған пәндерді ғылыми-шығармашылық бейімділігіне, қызығушылық бағыттарына қарай еркін таңдауларына толық мүмкіндік бар. Сонымен қатар оқитын пәндердің оқу-әдістемелік кешендерін және анықтамалық сипаттағы т.б. материалдарды, іс-тәжірибеден өту барысында жасалатын жұмыс жөніндегі нұсқаулық материалдарды, сондай-ақ электронды кітапхана ресурстарын пайдалануға, өз беттерінше ізденуге, оқытушылардың ғылыми әрі педагогикалық әлеуетін тиімді пайдалануға толыққанды жағдай жасалған.

1.2 Бағалау өлшемі

1.2.1 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасын жүзеге асыру көпсалалы классикалық білім беру аясында заман талабына сай сапа стандарттарына жауап беруден көрінетін аймақтық көшбасшылықты сақтап тұру, ғылыми зерттеулер, үзіліссіз оқытудың көпдеңгейлі үлгісі, ғылыми, педагогикалық, кәсіби-тәжірибелі қызметті жүзеге асыратын зерттеушілік дағдылары, инновациялық тәсілдері мен іргелі білімдері бар жаңа формациялы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауға негізделетін академия «Миссиясы» арқылы анықталады. Бұл, негізінен, кәсіби білімдерін білім берудің әр түрлі деңгейінде қолдана білетін, салауатты өмір салтын насихаттайтын, тіл білімі мен әдебиеттануға қатысты сапалы тұлғалық қасиеттерді қалыптастыруға қатыса алатын жаңа заман педагогтарын даярлауға бағытталған шаралармен тығыз байланысты.

Білім беру бағдарламасының саясаты білім сапасының талапқа сай болуына ықпал етеді. Бұдан келіп шығатын міндеттер студенттердің жаңа замандағы білім беру стандарттарына орай құзыретке ие болуына жәрдемдеседі. Мәселен, «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры біліктілігін алған түлектер осы ББ бойынша магистратурада білімін жалғастыруға мүмкіндік алып, толықтыра алады. Осылардың нәтижесінде білік-дағдылары жетіле түседі. Және, ең бастысы,

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 9</p>
--	--	---

білім беру бағдарламасы аясында алған білік-дағдыларын орта білім беру ұйымдарында практикада пайдаланып, жүзеге асыра алады.


Студенттерді даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білімнің бірінші деңгейіндегі (бакалавриат) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және оқу кезінде қол жеткізілген нәтижелерден байқалатын меңгерілген негізгі құзыреттерді көрсетіледі. Оқыту нәтижелері барлық жоғары білімнің білім беру бағдарламасы деңгейінде де және жеке модульдер немесе оқу пәні деңгейінде де тұжырымдалады. Дескрипторлар студенттердің мынадай қабілеттерін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді: 1) осы саладағы озық білімге негізделген, зерттелетін саладағы білімі мен түсініктерін көрсету; 2) білімі және түсінігін кәсіби деңгейде қолдану, зерттелетін саладағы проблемаларды шешу және дәлелдерді қалыптастыру; 3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми жинақтарды ескере отырып, пайымдаулар жасау үшін ақпаратты жинау және түсіндіру; 4) мамандарға да, маман еместерге де ақпараттар, идеялар, проблемалар мен шешімдер туралы хабарлау; 5) зерттелетін салада қосымша білім алуды жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларын қалыптастыру. Өзірленген ББ өзгерістер (мазмұны, сондай-ақ құрылым жағынан) ҚР жоғары білім саласындағы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ білім беру қызметтері нарығындағы өзгерістерге, бағдарламалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігіне байланысты қажет болған шамада енгізіледі.

Модульдік принципке негізделген білім беру бағдарламалары білім алушыларға пәндік, пәнаралық, әдістемелік білімді меңгеруге, қазақ тілі мен әдебиеті, педагогика және психология саласы бойынша мамандарға қажетті құзыреттіліктерді қалыптастыруға мүмкіндік береді. Модульдік ББ пәндер жалпы модуль, таңдау модульдері, ББ модульдері бойынша топтастырылып беріледі. Жалпы модульде оқытылатын пәндер мазмұны көбінесе төменгі курстарда, ал ББ модульдеріндегі пәндер оқу мерзімінің барлық курстарында оқытылу көзделген.

Білім беру бағдарламасының құрылымы алдына қойған мақсатына сәйкес оқу барысында күтілетін нәтижеге сай құрастырылған.

1.2.2 ЖОО қызметін бағалауға студенттердің оқыту сапасы туралы пікірін сұрау, жұмыс берушінің түлекті бағалауы, сыртқы сарапшылар мен бизнес-әріптестердің ББ және жекелеген элективті пәндерді бағалауы енеді. Жүргізілген сыртқы және ішкі сұрау салу нәтижелері ЖОО одан әрі дамыту бағдарламаларын жасауда, мамандарды даярлау сапасын жетілдіру бойынша шараларды әзірлеуде, аттестаттау мен лауазымға тағайындауда, ОПК-ға еңбекақы төлеуді саралауда пайдаланылады.

ББ бойынша білім беру сапасын ішкі бағалау жұмысына үлкен мән беріледі. Мамандарды даярлау сапасын арттыру мәселелері, ОПК және студенттердің ғылыми қызметі, әлеуметтік аспектілер Академия ректорының ОПК және студенттермен ұдайы кездесулерінде негізгі талқылау мәні болып

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 10</p>
--	--	--

табылады. Осы кездесулерде кез келген өзекті және өткір мәселелер ашық және жан-жақты талқыланады, пайда болған проблемалар жедел шешіледі. Жыл сайын Ректормен Ғылыми кеңестің отырыстарында академия қызметінің қорытындылары шығарылады, бұл ретте қысқа және орташа мерзімдегі перспективаға Академия ұжымы алдында нақты міндеттер анықталады.


Академия дамудың ұзақ мерзімді болашағын қамтамасыз ете отырып, қазіргі заманға сай бәсекеге қабілетті кәсіби білімді мамандар даярлауға басымдық береді. Бұл оқу орны стратегиясының дұрыс жолға қойылғандығын, білім беру бағдарламасын жүзеге асырудағы ұстанымының нық екендігін аңғартады.

Білім беру бағдарламасының алға қойған мақсаттары толық, анық әрі айқын. «Bolashaq» академиясының «Миссиясы» мен міндеттеріне сай. Білім беру бағдарламасының мақсаттары да – дамыған елдердегі білім сапасына жауап бере алатын маман даярлау және соған сай ПОҚ жасақтау. 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесін алған түлектер орта білім беру ұйымдарын кадрмен қамтамасыз етіп, еліміздегі сапалы білім беру үдерісін онан әрі жалғастырады. Ал бұл білім беру бағдарламасы мақсаттарының айқын әрі академия «Миссиясына» толығымен сәйкесетіндігін көрсетеді.

1.2.3 Білім беру бағдарламасы мақсаттары еңбек нарығында, экономикада, қоғамдық сұраныстарға жауап бере отырып, талап еткен өзгерістерді айқын әрі динамикалы түрде жүзеге асырады. Академияның білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласының саясаты академия сайтында қолжетімді. <http://kubolashak.kz/category/obuchenie/akademicheskaja-politika/>

Білім беру бағдарламасының сапасын арттыру мақсатында студенттер таңдауы, еңбек нарығы сұранысы, жұмыс берушілердің талап-тілектері үнемі ескеріліп, элективті пәндер каталогіне соған орай толықтырулар мен өңдеулер енгізіліп отырылады. Бағдарлама мақсаттарының тиімділігін практика базалары, аймақтық жұмыс берушілермен өзара келісім негізінде енгізілген элективті пәндер қатары, олардың қатысуымен айқындалатын бітірушілердің қорытынды бағалары дәлелдейді.

Оқу бағдарламасын талқылау барысында академиялық комитет мүшелерінің ұсыныстары мен өтініштерін ескере отырып 2019-2020 оқу жылына арналған 6B01701- «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының оқу жоспарына төмендегідей пәндер енгізілді: «Әдеби шығармашылық», «Латын графикасына негізделген қазақ жазуы», «Қазақ тілінің сөйлеу мәдениеті және стилистикасы», «Қазақ мектептерінде тіл мен әдебиетті оқытудың инновациялық тәсілдері», «Қазақ тілі мен әдебиетті оқытудың коммуникативті-танымдық әдісі», «Мәтінмен жұмыс», «Қазақ халқының рухани мұрасы».

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 11</p>
--	--	--

Академияның білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласының саясатын қарастыру және талқылауда студенттер, эдвайзерлер, кураторлар қатысады және Академия саясатында жазылған.

1.2.4 Академияның білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласының саясатын қалыптастыруға академия әкімшілігі мен барлық бөлімшелер қатысады.

Оқу-әдістеме басқармасы жұмыс оқу бағдарламасын құрастыруға, инновациялық әдістердің мониторингісін енгізуге, студенттердің оқу үрдісіндегі сапасына қанағаттануына талдау жүргізуге, студенттер мен оқытушылардың академиялық мобильдігін жоспарлау және ұйымдастыруға қатысады. Тіркеу бөлімі сабақ, аралық және қорытынды бақылау күнтізбесін құрастырады. Ғылыми және инновация бөлімі студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарының орындалуына мониторинг жүргізеді.

Барлық ішкі бөлімшелер нормативтік құжаттарға еркін қолжеткізе алады, оқу-әдістемелік құжаттар (силлабустар, пән бойынша ОӘК) сайт арқылы кітапхана ресурстарына кіре алады. <http://kubolashak.kz/biblioteka/jelektronnyj-katalog/> Студенттер оқу үрдісін реттеуші Ережелермен танысып, оқытушылардан кеңес ала алады, элективті пәндерді таңдауға құқықтары бар. <http://kubolashak.kz/kk/>


Сыртқы мүдделі тараптар білім беру сапасын қамтамасыз ету саласының саясатына қатысып, қолдай алады, сонымен қатар олар бакалаврлардың кәсіби құзіреттілігін анықтау, элективті пәндердің тізімі мен мазмұны, тәжірибелік дағдылар, өндірістік практикадан өтетін базалар, Мемлекеттік қорытынды аттестацияға қатысу, ғылыми жұмыстарға арналған материалдарды жинау, бакалаврларға әдістемелік көмек көрсету үшін академия сайтында жұмыс берушілерге жеткілікті ақпараттар берілген.

Ұжымның барлық мүшелері студенттерден бастап, оқытушылар, ЖОО-ның әкімшілігі, құрылымдық бөлімшелер білім бағдарламасын өңдеп дайындауға қатысады және ББ-ның сапасын жетілдіруді қамтамасыз етуге жауапты.

1.2.5 Оқушыларды сыртқы бағалау нәтижелері және кейінгі рәсімдер туралы хабардар ету академия сайты арқылы жүргізіледі. Білім беру бағдарламаларын өзекті ету жиілігі мен дәрежесі Білім беру бағдарламаларының сапасына мониторинг жүргізу туралы ережемен анықталады және оған ББ сапасына мониторингтің негізінде жекелеген элементтерін жыл сайын жаңарту енеді.

Өзірленген ББ өзгерістер (мазмұны, сондай-ақ құрылым жағынан) ҚР жоғары білім саласындағы заңнамасының талаптарына, сондай-ақ білім беру қызметтері нарығындағы өзгерістерге, бағдарламалардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру қажеттілігіне байланысты қажет болған шамада енгізіледі.

«Bolashaq» академиясы білім алушыларының жұмысқа орналасуына және тәжірибеден өтуі барысындағы қанағаттану деңгейіне жұмыс берушілерге

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 12</p>
--	--	--

сауалнама жүргізіледі. ББ әзірлеу кәсіби қызметті жүзеге асыруға мүмкіндік беретін құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталған нәтижені көздейді. ББ бағалау оқу жоспарын, элективті пәндер каталогын, білім алушылардың жеке жоспарларын, ББ іске асыруды реттейтін нормативтік құжаттарды талдау, білім алушылар мен жұмыс берушілерге сауалнама жүргізу арқылы жүзеге асырылды.


1.2.6 ЖОО қызметін бағалауға студенттердің оқыту сапасы туралы пікірін сұрау, жұмыс берушінің түлекті бағалауы, сыртқы сарапшылар мен бизнес-әріптестердің ББ және жекелеген элективті пәндерді бағалауы енеді. Жүргізілген сыртқы және ішкі сұрау салу нәтижелері ЖОО одан әрі дамыту бағдарламаларын жасауда, мамандарды даярлау сапасын жетілдіру бойынша шараларды әзірлеуде, аттестаттау мен лауазымға тағайындауда, ОПК-ға еңбекақы төлеуді саралауда пайдаланылады.

Білім беру бағдарламасы бойынша білім беру сапасын ішкі бағалау жұмысына үлкен мән беріледі. Мамандарды даярлау сапасын арттыру мәселелері, ОПК және студенттердің ғылыми қызметі, әлеуметтік аспектілер Академия ректорының ОПК және студенттермен ұдайы кездесулерінде негізгі талқылау мәні болып табылады. Осы кездесулерде кез келген өзекті және өткір мәселелер ашық және жан-жақты талқыланады, пайда болған проблемалар жедел шешіледі. Жыл сайын Ректормен Ғылыми кеңестің отырыстарында академия қызметінің қорытындылары шығарылады, бұл ретте қысқа және орташа мерзімдегі перспективаға академия ұжымы алдында нақты міндеттер анықталады.

«Bolashaq» академиясы ағымдағы және процестік қызметін қамтамасыз етуге қажетті ресурстар Стратегиялық дамыту жоспары негізінде анықталады. Академия қызметін ресурстық қамтамасыз ету құрылымдық бөлімшелердің қажеттіліктері бойынша өтінімдері негізінде жүзеге асырылады және оң бағаланады. Білім беру бағдарламасының сапаны қамтамасыз ету саласындағы саясатын мониторингтеу, тиімділігін бағалау, қайта қарау жүйелілігі бар.

1.2.7 Оқу процесіне зерттеу нәтижелері жаңа элективті пәндер, оқылатын курстар шегінде қосымшалар (мазмұнын, жекелеген бөлімдерін жаңарту) түрінде және ғылыми, ғылыми-өндірістік және оқу әдебиетін әзірлеу және шығару жолымен енгізіледі. Оқу процесіне және өндіріске оқытудың инновациялық технологияларын енгізу ғылыми құрылымдық бөлімшелер: арнайы жабдықталған оқу кабинеттері, жүйелі зерттеулер және жобалау әзірленімдері (ЖЗЖӘ) ҒЗИ арқылы жүзеге асырылады. Академияда өткен ғылым апталығында ББ білім алушылары ғылыми жобаларын қорғайды.

ҒЗЖ бағыттарын таңдаудағы саясат білім мен ғылымды тиімді біріктіруді қамтамасыз ету жолымен академияның ғылыми-зерттеу жұмысын тұрақты дамытуға бағдарланған, бұл өз кезегінде, академияның ғылыми-зерттеу әлеуетін арттыруды, кафедралардың ғылыми зерттеулерін қаржыландырудың көп арналы жүйесін құруды, ғылыми жұмыс пен білім беру процесін біріктіруді

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 13</p>
--	--	--

ұйғарады. Осы саясат «Bolashaq» академиясы дамытудың стратегиялық жоспарына және оның миссиясына толық сәйкес келеді, өйткені ол ғылыми зерттеулер мен әзірленімдердің жоғары деңгейіне, алынған нәтижелерді экономикада және қоғамда тиімді іске асыруға дәлденген.

1.2.8 Сыртқы орта жағдайларының өзгеруіне сәйкес бағдарламалардың ұзақ мерзімді бағыттарын, жаңа мақсаттарды қоюын жетілдіру мен түзету үшін бағалау нәтижелерін қолданудың тиімділігі мен жүйелілігін басшылық тарапынан талдауға келесі енеді: Академия деңгейінде, сондай-ақ жекелеген бөлімшелер деңгейінде сапа бойынша мақсаттардың орындалуына талдау; тұтынушылардың (студенттердің, оқытушылардың, жұмыс берушілердің) қанағаттануын талдау; ғылыми-білім беру қызметінің негізгі процестерінің нәтижелілігін бағалау; түзетуші және ескерту әрекеттерінің нәтижелілігін талдау; Базисті білім деңгейі, ағымдық үлгерім, емтихан, өндірістік практика, мемлекеттік емтиханның қорытындыларына талдау жүргізіліп, талқылау; Сауалнама нәтижесімен студенттер мен жұмыс берушілердің қанағаттануы бағалау; Жұмыс берушілердің пікірі мен ББ бойынша жұмысқа орналастыру бағалау; Ішкі және сыртқы бақылаудың нәтижелерін талдау, ЖОО-ның қызметін тексеру комиссиясының қорытындысымен бағалау; Ішкі және сыртқы аудиттің нәтижелері менеджмент сапа жүйесімен бағалау;

Ғылыми кеңес шешімдерді қабылдау, нормативтік ережелерді сыртқы ортаның өзгеруіне сәйкес өзекті ету бойынша жоғары алқалы орган болып табылады.

Миссиясы, Академияның веб-сайтында, фойедегі стендтерде, орналастырылған.


Білім беру бағдарламасының мақсаттарының тиімділігін бағалауда жүйелілік принципі басшылыққа алынады. Білім беру бағдарламасының мақсаттары, сонымен қатар оның кәсіби бәсекелестік пен ББ деген сұранысқа байланысты сыртқы ортаның өзгермелі талаптарына негізделеді әрі соған сүйенеді.

Оқыту бағдарламасы мақсаттарын қалыптастырудағы жүйелілік мына негізге сүйенеді:

- нормативті құжаттар, оларға Қазақстан Республикасының «Білім туралы» ҚР БҒМ 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы.

Ішкі және сыртқы бақылаудың нәтижелері ББ-ның мақсатқа жету тиімділігінің көрсеткіштері болып табылады.

Сыртқы орта жағдайларының өзгерістеріне сәйкес жаңа мақсат қою және бағдарлама бағытын ұзақ мерзімге түзету мен жетілдіру үшін тиімді және жүйелі нәтижелер қолданылады, бұл нәтижелерге мына үрдістерді іске асыру негізінде қол жеткізуге болады: түлектермен, студенттермен, жұмыс берушілермен «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 14</p>
--	--	--

біліктілігін көтеретін тыңдаушылармен сауалнама жүргізу, семинарлар өткізу, дөңгелек үстел ұйымдастыру. ББ мақсаты бағалау жұмыс берушілермен, түлектермен сауалнама жүргізу негізімен шектелмейді, сонымен қатар студенттердің зерттеу жұмыстарын жүргізу нәтижесінде алынған мәліметтер ескеріледі.

1.2.9 ОПК және қызметкерлер өз жұмысында Конституцияның негізгі талаптарын және «Білім туралы», «Жемқорлықпен күрес туралы» ҚР қолданыстағы заңдарының талаптарын, білім беру бағдарламалары бойынша мамандарды даярлау сапасына кепілдік саясатын, еңбек қауіпсіздігі техникасы бойынша нормалар мен заңнамалық талаптарды, нормативтік-құқықтық құжаттарды, лауазымдық нұсқаулықтарды және ішкі тәртіптеме ережелерін басшылыққа алады.


Академияның жарғыларына, ішкі тәртіп, қызметкердің ар-намыс кодексі (басшы, оқытушы, қызметкер) және студенттердің ар-намыс кодексі, академия студенттер үйінде тұратындардың өмір сүру ережесі, сонымен қатар білім беру жүйесіндегі келісім шарттағы жағдайлардың орындалуы академияның тәртіптік кеңесі әкімшілігінің қатысуымен жұмыс істейді.

«Bolashaq» академиясында студенттердің мақалалары мен ғылыми жобалары StrikePlagiarism плагиатқа қарсы интернет-жүйесімен жұмыстарды тексеру рәсімі туралы ережеге сәйкес плагиаттың барына немесе жоқтығына тексеруден міндетті түрде өтеді. Білім алушының жұмысын автор жүйе операторына, яғни кафедра қызметкеріне ұсынуы тиіс. Студент өз жұмысын ұсына отырып, осы Ережеде көрсетілген жұмыстың түпнұсқалығы туралы тиісті өтінішке қол қоюы тиіс. Ғылыми жобалар, мақала, зерттеу жұмыстары, т.б. студенттің өтініші негізінде тексеріледі. Қайта тексерулердің саны 3 әрекеттен аспауы тиіс. Парақ, мазмұны, кестелер, графиктер, суреттер және т.б. тізімі, библиография және ықтимал қосымшалар) тексеруге жатады. Антиплагиаттық жүйеге жүктелетін жұмыс мәтінін қасақана бұрмалау, атап айтқанда, жұмысты жүктеу кезінде мәтін фрагменттерін жіберу, қаріпті ауыстыру, басқа әліпби символдарын пайдалану, жұмыс мәтініне арнайы символдар қосу, сөздердегі символдар тәртібін өзгерту, символдар мен т.б. бөлігінен айыру студентке қатысты тәртіптік шараларды қолдану үшін негіз болып табылады.

Тексеру нәтижелері болып ұқсату есептері: толық есеп және қысқаша есеп табылады, олар ғылыми жетекшіге жіберіледі. Ұқсату есебі Strikeplagiarism.com плагиатқа қарсы интернет-жүйеде жинақталады. Жұмыс оң есеп бар болған кезде қорғауға жіберіледі.

1.2.10 Саясаттану саласында басты мәселесі «Bolashaq» академиясының коррупцияға қарсы саясаттану бағдарламасы болып табылады.

Академияда 2013 жылы осы күнге дейін Тәртіптік кеңес жұмыс атқарады. Онда еңбек тәртібін нығайту, командада этикалық нормаларды қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы құрметтеуге және қызметкерлердің

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 15</p>
--	--	--

ар-намыс кодексі (менеджер, мұғалімі, қызметкерлерге) және Студенттің ар-намыс кодексі қарастыру, білім беру саласындағы қылмыстың алдын алуын қарастыратын консультативтік-кеңесші орган болып табылады.

Академияның жарғыларына, ішкі тәртіп, қызметкердің ар-намыс кодексі (басшы, оқытушы, қызметкер) және студенттердің ар-намыс кодексі, академия студенттер үйінде тұратындардың өмір сүру ережесі, сонымен қатар білім беру жүйесіндегі келісім шарттағы жағдайлардың орындалуы академияның пәндік кеңесі әкімшілігінің қатысуымен жұмыс істейді


Оқытушылар арасындағы, оқытушылар мен студенттер арасында, академия қызметкерлер арасында (басшы, оқытушы, қызметкер), өндірістік тәртіппен шешу мүмкін емес сұрақтарды, оқытушылар, қызметкерлер мен студенттер лауазымды тұлғалар арасындағы қарама- қайшылықты пәндік кеңес қарастырады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды ЖОО саясаттану бағытында сапалы оқу жүйесінде қарастырылатын сұрақтар мен мақсаттары кафедра қызметкерлерінің арасында, оқу кеңесінде «Bolashaq» академиясының тәртіптік кеңесте жалпы белгіленген жоспарының дамуында талқыланады.

Оқу және әкімшілік корпустарында, сонымен қатар академия жатаханасында аптасына 2 рет хат алысуға болатын «Сенім хат» жәшіктері, академия корпусында мемлекеттік және орыс тілінде ақпараттар, ЖОО әкімшілігімен тікелей сұхбаттасу үшін «Ректор блогы» <http://kubolashak.kz/kk/rektordy-blogy/>, одан басқа сайтта «Жемқорлыққа жол жоқ» <http://kubolashak.kz/kk/category/t-rbie/zhem-orly-a-zhol-zho/> бөлімі, студенттер мен ата-аналарға арналған «Сенім телефоны (8-7212-42-04-17)» жұмыс атқарады. Жемқорлыққа қарсы бағытталған шаралар «Лимонад» журналында <http://kubolashak.kz/kk/ba/> шығарылады. Оқу жылдарында студенттер ректормен және ЖОО әкімшілігімен кездесулер өткізіліп отырады.

SWOT-талдау

S – артықшылықтары	W – кемшіліктері
<ol style="list-style-type: none"> 1. Бітірушілермен бейіндік оқыту бойынша жан-жақты жұмыс; 2. Аймақтық жұмыс берушілердің ұсыныстарына сәйкес оқу және элективті курстардың әрдайым жанартылып отыруы; 3. Оқыту бағдарламасы студенттері даярлаудың жақсы базасын иеленеді; 4. ББ тиімді жұмыс істеуі үшін қажетті ресурстардың болуы; 5. Кәсіби шеберліктің сапалы деңгейі, ПОҚ-ның жоғары құзыреттілігі; 6. ЖОО-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың тиімді жүйесі; 	<ol style="list-style-type: none"> 1. Бітіруші түлектердің еңбек нарығында жоғары сұранысқа ие болмауы; 2. Нөлді импакт-факторларымен рейтингілік баспаларында басылымдар шығаруда ПОҚ пассивтілігі
O – кемшіліктерді жою үшін амалдар	T – кемшіліктер бар болған жағдайдағы

 «Bolashaq» академиясы	Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ	СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 16
--	---	---

	болуы мүмкін тәуекелдер
1. Академия мүмкіндіктерін тиімді пайдалану.	1. Білім беру бағдарламасына абитуриенттердің қабылдау санының төмендігі

СТАНДАРТ 2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ, БЕКІТУ ЖӘНЕ АҚПАРАТТАРДЫ БАСҚАРУ

2.1 Жалпы ереже

2.1.1 Білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылымы 2018 жылғы 31 қазандағы ҚР БҒМ № 604 бұйрығымен бекітілген МЖМБС-ке сәйкес әзірленген 6B01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру Ережелеріне сәйкес, 2017 жылғы 8 маусымдағы Қазақстан Республикасының «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы бұйрығымен бекітілген «Педагог» Кәсіби стандартымен сәйкес әзірленген.


2.1.2 Білім беру бағдарламасын игеру барысында қол жеткізілетін біліктілік деңгейі біліктілік деңгейімен, сондай-ақ жоғары білім берудің Еуропалық стандарттарына сәйкеседі. Білім беру бағдарламасын мақсаты:

ББ шеңберінде кәсіби білімді және кәсіби құзыреттіліктерді игеруге жағдай жасау; Бакалаврды тілдік даярлау; Отансүйгіштік, Қазақстан Республикасы халықтарының достығы, әр түрлі мәдениеттерге, салт-дәстүрлерге құрмет көрсету рухында тәрбиелеу; Экологиялық, дене мәдениетін, этикалық, құқықтық мәдениетті және ойлау мәдениетін қалыптастыру; Еңбек нарығындағы тұрақтылығындағы жағдай жасайтын жалпы және арнаулы құзыреттіліктерді меңгерту;

6B01701-«Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленген.

2.1.3 Білім беру бағдарламасы оқыту нәтижесінің сапасына негізделген: сауаттылыққа, тәжірибелік дағдыларды қалыптастыруға жоғарғы оқу орынының Дублиндік дескрипторына сәйкес біліктілікті дамытуға. Білім беру бағдарламасы кәсіби және әлеуметтік құзыреттілікке ғылыми, теориялық және практикалық жағынан сәйкес жасалады. Дублин дескрипторларына сәйкес білім беру бағдарламаларының құзыреті, құзыреттілігі және тәжірибеге бағытталуы.

ББ белгілі бір деңгейдегі білім беру мазмұнын және ЖОО бағытталуын көрсетеді. Мазмұны бойынша ББ білім алушыларды біліммен қамтамасыз етіп, тәжірибелік дағдыларын дамытады және оқыту бейіні бойынша құзыреттіліктерін қалыптастырулары тиіс. Білім беру деңгейлері бойынша ББ мазмұнын әзірлеу мен оқытудан нақты күтілетін нәтижелер: Дублин

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 17</p>
--	--	--

дескрипторларына сәйкес білім беру бағдарламаларының құзыреті, құзыреттілігі мен тәжірибеге бағытталған.


Студенттердің ББ қатысуы олардың құзыреттіліктерін қалыптастырудағы заманауи талаптарды көрсете отырып, оларды қаншалықты қалыптастыруға қол жеткізгенін айқындайды. Оның дәлелі ретінде практикадан өту барысында білім алушылардың жоғары деңгей көрсетуін және сол мекемеге жұмысқа орналасуын айтуға болады.

2.1.4 Білім беру бағдарламасын құрастыруда модульдік принцип негізге алынады. Пәндерді түзуде курсы мен семестрі және мақсат-міндеті мен құзыреттілігі сәйкес келетін пәндерді біріктіру принципін ұстанатын оқу бағдарламасы пәндерді семестрлерге, міндетті және таңдау компоненттеріне бөлуден, жалпы білім беру, базалық, бейіндеуші пәндерден және іс-тәжірибелерден тұрады. Модульдік ұстаным оқу бағдарламасын әрқайсысы 15 аптаны құрайтын 8 семестрден кезең-кезеңімен игеруге негізделген. Семестр дәрістерден, семинарлардан, консультациялардан, аудиториядан тыс өзіндік жұмыстардан, оқу және кәсіби іс-тәжірибелерден құралады. Модульді игеру барысында студенттер әдіснамалық ойлауға негізделген кәсіби құзыреттіліктерді меңгереді (жалпы білім беру модулінің пәндері), теориялық білімдерді игереді (базалық модуль пәндері), кәсіптік дағдыларын қалыптастырады.

2.1.5 «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы туралы ақпаратты тиімді басқару жолға қойылған. Мәселен: мектеп оқушылары мен колледж студенттерін академияның білім беру бағдарламалары және оның бәсекеге қабілеті турасындағы мүмкіндіктері, академия түлектерінің еңбек нарығындағы сұранысы туралы мағлұматтар беру; Аймақтағы мектеп және колледждерде кездесулер ұйымдастыру; Қала және облыс мектептерінен филиал ашу, академияда пәндік олимпиадалар мен экскурсиялар ұйымдастыру; Ғаламтордан академия жайлы мағлұматтар қатарын толықтырып отыру. Жыл сайын қаламыздағы ЖОО-лар (соның қатарында «Bolashaq» академиясы да) мен колледждер мектеп түлектерін өздерінде бар ББ таныстырады, оқу үдерісі, қойылатын талаптар мен берілетін білім сапасы жайында ақпарат береді.

Академия қабырғасында жылына бір рет «Bolashaq» академиясын, соның ішінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы туралы мәлімет тарататын ақпараттық буклеттер жарық көреді. Сонымен қатар «Тіл және рух», «Лимонад» газеттеріне осы тақырып бойынша ақпараттар да жарияланып отырады. Академия жайлы бейнеролик түсіріліп, «Bolashaq» деген атпен имидждік өнімдер жасалып, ғаламторға енгізілді. Осы жұмыстарға қосымша ретінде ҰБТ ережелері бойынша талапкерлерге консультациялық көмек, алдын ала тестілеу шаралары жүргізіледі.

Қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы жыл сайын «Жас филолог» деген атпен мектеп бітіруші түлектер арасында облыстық деңгейде олимпиада ұйымдастырып, оны жеңіп шыққан оқушыларға академия ректорының гранты

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 18</p>
--	--	--

тағайындалып отырылады. Атап айтқанда, I орын алған оқушы «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша академияда 1 жыл тегін оқу ректор грантына, II орын алған оқушы 1 жыл 50% жеңілдікпен оқуға, ал III орын алған оқушы 1 жыл 25% жеңілдікпен оқуға мүмкіндік алады. Жоғарыда аталған жұмыстардың нәтижесінде академияға оқуға түсушілердің нақты болмаса да болжалды түрде саны анықталады.

2.2 Бағалау критерийі


2.2.1 Академияда білім берудің кредиттік технологиясын әдістемелік ілестіру жүйесін құруда үлкен көлемде жұмыс атқарылып келеді: бірінші курс студентінің жыл сайынғы анықтама-жол нұсқауы жасалады <http://kubolashak.kz/kk/category/bilim-alu/akademijany-sajasy/>; элективті пәндердің каталогтары дайындалған <http://kubolashak.kz/biblioteka/jelektronnyj-katalog/>; пәннің Оқу-әдістемелік нұсқаулықтары даярланған; барлық тәжірибелерге жұмыс бағдарламалары жинақталған, модульді ББ енгізілуде. «Bolashaq» академиясында ББ-ның талдамалары мен қабылдамаларының ішкі қағидалары құрылып, сәйкес ережелерде көрсетілген. Академиядағы оқу үрдісінің ұйымдастырылу сұрақтары 29.08 2019 жылы Ғылыми кеңестің №1 хаттамасына сәйкес «Академия саясаты» бекітілген <http://kubolashak.kz/category/obuchenie/akademicheskaja-politika/>. ББ-ын өңдеу барысында құжаттарда берілген нормаларды сақтайды, олар академияның сайтында қолжетімді.

Осы жолмен академия өзінің білім беру бағдарламасын өңдеуге және бекітуге арналған ішкі ережелері бар.

2.2. Жоғары білім беру бағдарламасының мазмұны үш цикл пәндерінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер. ЖБП циклінің көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасындағы пәндердің көлемінен кемінде 23%-дан аспайды немесе 56 академиялық кредитті құрайды. Олардың 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі: ЖБП циклінің ЖК кемінде 5 академиялық кредитті құрайды.

БП цикліндегі оқу пәндерін оқыту және кәсіби практиканың өту көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінің 47%-ын немесе кемінде 112 академиялық кредитті құрайды. БП циклінің көлемі жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 47%-ды немесе кемінде 112 академиялық кредитті құрайды. БП цикліне жалпы көлемде БП циклінің көлемінің 30%-нан аспайтын барлық практика түрлері (кәсіптік практика, оқу практикасы және тағы басқа) кіреді.

Бейіндеуші пәндер циклі көлемі оқу бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 25%-ды немесе кемінде 60 академиялық кредитті құрайтын оқу пәндерінен және кәсіби практика түрлерінен тұрады. Бейіндеуші пәндер циклінің көлемі жалпы жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 19</p>
--	--	--

көлемінен кемінде 25%-ын немесе кемінде 60 академиялық кредитті құрайды. БП және бейіндеуші пәндер циклдерінің модульдері мен пәндерінің бағдарламасы білім берудің бірқатар салалары бойынша кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және көп салалы сипатта болады.

Қорытынды аттестаттау 12 академиялық кредитті немесе жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының жалпы көлемінен кемінде 5%-ды құрайды және дипломдық жұмыс (жоба) жазу және қорғау түрінде немесе кешенді емтиханға дайындалу және тапсыру түрінде жүргізіледі. Бұл ретте, кешенді емтихан бағдарламасы жоғары білімнің білім беру бағдарламасына сәйкес еңбек нарығы қалыптастыратын интеграцияланған білім мен негізгі құзыреттілікті көрсетеді.


Студенттерді оқуға қабылдау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттарымен анықталады.

Бағдарламаны игеру нәтижесінде түлектер «Қазақ тілі мен әдебиеті» ББ бойынша білім бакалавры» біліктілігін алып шығады. Ол үшін мектеп бітірген талапкерлер академия қабырғасында 4 жылдық толық және қысқартылған күндізгі бөлім, 3 жылдық арнайы орта білім базасы, 2 жылдық жоғары білім базасы бойынша білім алады. Білім беру бағдарламасының мазмұны тиісті пәндерді мүмкіндігінше толық қамтыған және құрылымы ЖОО-ларда білім беру стандартына негізделген. Білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1) тармақшасына және 56-бабына сәйкес әзірленген.


Академия оқу жоспарлары (жұмыс оқу жоспарлары, студенттердің жеке оқу жоспарлары) және пәндер бойынша жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) әзірленетін оқу нәтижелерін көрсететін стандарт талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

1-кесте. Цикл бойынша пәндер тізімі

Цикл	Міндетті компонент	ЖОО компоненті:	Таңдау компоненті
Жалпы білім беру пәндер циклы	Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Философия, Қазақ (Орыс) тілі, Шетел тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде), Әлеуметтік-саяси білімдер модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология), Дене шынықтыру		Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері
Базалық пәндер циклы		Оқушылардың физиологиялық дамуы, Педагогика, Психология, Білім берудегі менеджмент, Бағалаудың өлшемдік технологиялары, Кәсіби қазақ (орыс) тілі, Кәсіби	Түркі тілдері, Түркі тілдерінің дыбыстық ерекшеліктері, Түркі тілдерінің лексикологиясы, Тіл біліміне кіріспе, Психолінгвистика, Аударматану лингвистикасы, Әдебиеттануға кіріспе, Көркемдік дамудағы дәстүр арналары, Қазақ әдебиеттану ғылымының тарихы,

 <p>«Bolashaq» академиясы</p>	<p>Сапа менеджмент жүйесі 6B01701 - «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасының мамандандырылған аккредиттік стандарттарының өлшемдеріне сәйкес келуіне өзіндік бағалау нәтижесінің ЕСЕБІ</p>	<p>СМЖ ПП 127–2019 Үлгі Ф. 127-02 79 беттің 20</p>
--	--	--

